


**ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік  
университеті  
Көптілді білім беру факультеті  
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы**



---


**“Қазақ тілі” пәні  
Оқытушы: Нұғыман А.Қ.**



---

**Тақырыбы: “Су-тіршілік  
көзі. Салыстыру  
мағынасы”**

# *SMART-МАҚСАТ*




---

3 сағат көлемінде салыстыру, күшейту мағынасының берілуін үйретіп, қарапайым өмірде қолдана білуін сипаттама жазу арқылы тексеру

A hand is shown from the bottom left, holding a clear glass filled with water. The background is a dark blue gradient. A black horizontal bar is positioned behind the text.

**СУДЫҢ ДА  
СҰРАУЫ БАР**

- 
- Су – тіршілік көзі. Дана халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Себебі, тамақсыз бірнеше күн өмір сүре алсақ, сусыз тіршілік жоқ. Тіпті, адам денесінің 2/3 бөлігі судан тұрады. Тіпті алғашқы тіршілік те судан басталған. Жер бетінде су - ең кең таралған зат.
  - Су күнделікті шөлімізді ғана қандырып қоймай, сонымен қатар суда жүзіп, жаттығу жасаған ағзамызда едәуір пайдалы. Мысалы, суда жаттығу жасау тек жүректі нығайтып қана қоймай, бүкіл ағзаға да жағымды әсер етеді екен. Жалпы су жаттығулары барлық қан - тамырлар жүйесін нығайтуға оң әсерін тигізеді.
  - Ал біз күнделікті судың қадірін біле бермейтініміз - шындық. Сарқырап су ағып тұрған соң бір тамшы суға зар болған жандарды түсіне бермейміз. Қазіргі кезде өнеркәсіпте көп қажеттіліктерге суды пайдаланғаннан, өндіріс қалдықтары суды ластауда. Сондықтан күн өткен сайын ішуге жарамды таза су азайып барады. Бұл ретте біз қолымыздан келгенше суды үнемдеп, оның басты құндылық екенін естен шығармауымыз керек.



- **Су – тіршілік нәрі.**


- Су – тіршіліктің негізі. Барлық тірі жануарлар мен өсімдіктер судан тұрады. Соның ішінде жануарлар – 75%, балық – 75%, медуза – 99%, картоп – 76%, алма – 85%, қызанақ – 90%, қияр – 95 %, қарбыз – 96%. Тіпті адамдар да судан тұрады. Жаңа туған нәрестенің денесінің 86% -ы су болса, егде жастағы адамдардікінде 50% -ға дейін су болады.


- **Су – ауру тасымалдайды.**

- Су өмір сыйлап қана қоймай, сондай-ақ онымен қош айтыстыра алады. Әлемдегі барлық аурулардың 85% -ы су арқылы беріледі. Ал жыл сайын осы аурулардан 25 миллион адам қайтыс болады.

- **Адам – сусыз өмір сүре алмайды.**

- Егер адам дене массасындағы судың 2%-ын жоғалтса, онда ол қатты шөлдей бастайды. Егер ол 10 пайызға дейін жоғарыласа, адамның көзіне түрлі нәрселер елестей бастайды, яғни галлюцинация басталады. Ал 12%-ын жоғалтса адам дәрігердің көмегінсіз қалпына келе алмайды. Егер, дене массасындағы судың 20%-ын жоғалтса адам өледі.

- 
- 22 наурыз – бүкіл дүниежүзі су күнін атап өтеді. Бұл мереке БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен, адамзатқа су ресурстарының қоршаған орта мен қоғамның дамуында маңызды рөл атқаратынын еске салу үшін қабылданған болатын.
  - Қазіргі уақытта біздің планетамыздың 70%-ын су басып жатыр. Дегенмен, осы судың тек 1%-ын ғана ішуге болады. Сонымен қатар, жыл сайын су ресурстарын пайдалану мәселесі де күшейе түсуде. Соңғы 50 жыл ішінде, әлемде судың жетіспеушілігіне байланысты 507 қақтығыс болды. Ал, суға байланысты туындаған 21 даудамайдың арты соғыс әрекеттерімен аяқталды.
  - Судың – планетадағы ең қарапайым және ең танымал зат екені бәріне белгілі.

- 
- Ересек адамның организміндегі судың жалпы мөлшері 60% құрайды. Осы себептен 70 кг салмағы бар адамда 42 л су болады. Бұл өлшем тұрақсыз және жынысқа, жасқа, организмнің физиологиялық жағдайына, ауруларға және сыртқы жағдайларға тәуелді. Эмбрионда судың мөлшері 97%-ке жетеді, жаңа туғандарда – 77% дене салмағының. Жас ұлғайғанда судың керекті мөлшері азаяды және 80 жастан асқан қарттарда оның мөлшері 48%-ке дейін төмендейді.





Су – керемет, сирек кездесетін минерал! Ол қатты, сұйық және газ сияқты күйде болатын жалғыз минералдардың бірі.

---

Су – жақсы энергия ақпараттық сақтаушыларының бірі. Ол адам бойындағы энергияны өзіне сіңріп алатындығы ғылыммен дәлелденді.

Барлық малдар және өсімдітер, жанды заттар заттар сулардан тұрады: малдар – 75%ке, балық – 75%ке, медуза – 99%ке, картоп – 76%ке, алмалар – 85%ке, қызанақтар – 90%ке, қиярлар – 95%ке, қарбыздар – 96%ке.



«Судың да сұрауы бар» мәтелінің мәнін ашып, дәлелдеу.


---



**Судың да сұрауы бар - И на воду бывает спрос.**


Су - вода

Сұрау – спрос

Бар - есть

- 
- Су бергеннің сауабы бар,
  - Су төккеннің жауабы бар.
  - Су бар жерде ырыс бар:
  - ұстап балық жейсің,
  - ақ бидай егіп, нанын жейсің.
  - Сулы жердің қасиеті сағасында,
  - Нулы жердің қасиеті ағашында.
  - Алпыс күн тасыған су,  
Алты күнде қайтар.
  - Тау мен тасты су бұзады,  
Азаматты сөз бұзады.





- 
- Су туралы нақыл сөздер

- Теңіз суы әрі ащы, әрі тәтті. Балық ішсе ол тәтті. Адам ішсе ол ащы. Гераклит

- Су жұмсақ әрі нәзік болса да, тауды қопарып жіберуге де күші жетеді. Лао-цзы

- Біз ауада құстар ұқсап ұшуды үйрендік, суда балықтар сияқты жүзуді де үйрендік. Енді жерде адам сияқты өмір сүруді үйренсек болды. Бернард Шоу



# Бестармақ әдісі

---

Бестармақ әдісі- ойды тиянақтап, өзіндік түсінікті нақты сөздермен келтіруге мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл тәсілде студенттер өз ойын қорытындылау үшін тек 11 сөзді қолдануы керек. Ол бес жолдан тұрады, ал әрбір жол саны және сөз таптары белгіленген сөздерден құралуы керек. Бестармақты бес жолды өлең деп те атайды, бұл ағылшынның *Singuin* (синквин немесе синкуэйн) сөзінің тура аудармасы.

*1 жол 1 жол 1 зат есім*

*2 жол 2 сын есімнен тұруы керек*

*3 жол 3 етістік жазылуы керек*

*4 жол студенттің негізгі сөзді бағалайтын кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөзден тұрады.*

*5 жолдағы да бір сөзден тұрады. Бұл сөз негізгі сөздің баламасы, оның синонимі болуы мүмкін.*



## Жасымда ғылым бар деп ескермедім

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,

Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?

Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,


Қазаққа қара сөзге дес бермедім.

Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,

Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

*Абай*



- 
- **Мен жастарға сенемін!**
  - Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты –  
Қырандай күшті қанатты.  
Мен жастарға сенемін!  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!  
Жас қырандар – балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені көк аспан.  
Мен жастарға сенемін!  
Жұмсақ мінез жібектер.  
Сүттей таза жүректер.  
Қасиетті тілектер –  
Мен жастарға сенемін!  
Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!  
Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға,  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін!...  
Алаш айбынды ұраны,  
Қасиетті құраны,  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!  
Мен сенемін жастарға.  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!

*Мағжан Жұмабаев*

# 4/3/2 әдісі. (ТОПТЫҚ ЖҰМЫС).

**Авторы** Пауль Нейшн Жаңа Зеландия ғалымы.

Әр топта 4 адам. Тақтада 4 сұрақ берілген. Топ мүшелері бір-бір тақырыптан алады.

## Тақырыптар:

- **Менің бірінші пәтерім**
- **Менің алғашқы сабағым**
- **Менің ұзаққа созылған бірінші саяхатым**
- **Менің алғашқы ұстазым**





# Қазақстанның білім сайттары

---

- <http://www.abay.nabr.kz/> Абай Құнанбаевқа арналған сайт
- <http://alemadebiety.kz/> Әлем әдебиеті журналы
- <http://yvision.kz/MK> электронды кітапхана
- <http://kk.wikipedia.org/> Ашық энциклопедия
- <http://ikitar.kz/> Қазақстанның ашық кітапханасы

# http://ikitar.kz/

## Қазақстанның ашық кітапханасы

The screenshot shows the website's header with navigation links: Басты бет, Видеолар, Кітаптар, Аудио, Аудиокітаптар, Сөздік, Серіктестер. The main logo is 'iKITAP Қазақстанның Ашық Кітапханасы'. A search bar contains 'Іздестіру'. A blue banner features a computer monitor displaying the website and text: «Қазақстанның ашық кітапханасы» www.ikitar.kz, Жобаның қамқоршысы Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігінің Басшысы Кәрім Мәсімов. Below the banner is a 'КІТАПТАР' section with book covers: 'ЕРКІН МӘДЕНИЕТ' (Loуренс Лессиг), 'ҮРКЕР' (Әбіш Кекілбаев), 'Өлеңдер мен аудармалар' (Абай Құнанбайұлы), 'Аудармалар' (Әбіш Кекілбаев), 'Символизм - дүниетаным' (А.Белый), 'Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Франсуа' (Франсуа Равленн). A right sidebar includes social media icons, a login field 'Қолданушының аты \*', a password field 'Құпиясөз \*', and buttons for 'Тіркелу', 'Жаңа құпиясөзді сұрау', and 'Кіру'.

# http://yvision.kz/MK

"Біз әлемге әйгілі 225 туындыны қазақ тіліне аударып, Интернетте электронды кітапхана жасап шығардық. Әдеби әлеммен мемлекеттік тілде танысуға асығыңыз! Бұл сіз және балаларыңыз үшін жасалынған!"

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі


Кітаптар | Аудио-кітаптар | Бағдарламалар

табу

Тіл: Қазақша | Русский

Барлығы | Әлем әдебиеті | Қазақ әдебиеті | Балалар ертегілері | Энциклопедия мен сөздіктер | ҚР Конституциясы


## Могиканның соңғы тұяғы



Авторы: Фенимор Купер  
Тіл: Казахский

👁 1569 🗨 6 ❤️ 2 ☆

## Қазына аралы



Авторы: Роберт Льюис  
Стивенсон  
Тіл: Казахский

👁 1081 🗨 3 ❤️ 2 ☆

## Том Сойердің басынан кешкендері



Авторы: Марк Твен  
Тіл: Казахский

👁 1580 🗨 2 ❤️ 3 ☆

## Гекльберри Финнің басынан кешкендері



Авторы: Марк Твен  
Тіл: Казахский

👁 749 🗨 2 ❤️ 1 ☆

## Он бес жасар капитан



Авторы: Жюль Верн  
Тіл: Казахский

👁 795 🗨 1 ❤️ 1 ☆

## Текті сарын



Авторы: Джек Лондон  
Тіл: Казахский

👁 809 🗨 1 ❤️ 1 ☆



- Белсенділіктеріңізге рақмет!